

Жаңа жылыңызбен!



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

30 желтоқсан, сенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

№199-200
(20673-20674)



www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

ЖЫЛ ҮЗДІКТЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ



АЗИЯ ОЙЫНДАРЫНЫҢ
КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ
ҚАЖЫБАЕВ
НҮРЛЫБЕК БИСЕНБАЙҰЛЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрында өткен салтанатты жиында әр саланың озат қызметкерлерін марапаттады. Жыл бойы еңбегімен көзге түсіп, «Үздік педагог» байқауының облыстық кезеңінде топ жарған ұстаздарға 1 миллион теңгеден астам біржолғы қаржылай сыйақы сертификатын табыстады.

Аймақ басшысы Сыр жұртшылығын келе жатқан мерекеміз құттықтап, өткен жыл толағай табыстар мен ілімді істерге толы болғанын еске салды.

– Санаулы күннен кейін 2023 жылды түйіндеп, жаңа жылға қадам басамыз. 2023 Сыр елі үшін берекелі, ырысы мол жыл болды. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы арнайы жұмыс сапарымен келіп, өңірдің дамуына оң бағасын берді. Облыстағы маңызды мәселелерге қатысты тарихи шешімдер қабылдады. Экономиканың барлық негізгі көрсеткіштерінде өсім бар. Тамыз айынан бері үздіктер қатарында, яғни алғашқы үштіктеміз, – деді Н.Нәлібаев. Осыдан бір жарым жыл бұрын облыс

бюджеті 387 миллиард теңгені құраса, 13 желтоқсандағы облыстық мәслихат сессиясында 2024 жылдың бюджеті 650 миллиард теңге болып бекітілді. Облыс әкімі келер жылдың соңына дейін салық түсімдерін арттырып, жаңа өндіріс орындарын ашу арқылы бюджет көлемін 700 миллиард теңгеден асыру жоспарланып отырғанын атап өтті.

– Әлеуметтік салаға 435 миллиард теңге, жолдарды жөндеуге 31,5 миллиард теңге, энергетика нысандарына 32,7 миллиард теңге, құрылыс саласына 19,7 миллиард теңге қаржы бағытталуда. Жыл ішінде бұл қаржы көлемі едәуір ұлғаятын болады, – деді облыс әкімі. Сондай-ақ аймақ басшысы биыл

ашылған әлеуметтік нысандар, пайдалануға берілген тұрғын үйлер, жүзеге асырылған инвестициялық жобалар мен алдағы уақытқа қойылған межелі міндеттерді атап шықты. Олардың ішінде түрік инвесторларымен бірге жаңа ЖЭО-ның іргетасын қалау, қалалық автобус паркін жаңа қоғамдық көліктермен толықтыру, 12 елді мекенді газдандыру секілді жетістіктер, келер жылға жоспарланған ауқымды жұмыстар бар.

Жыл қорытындысына арналған салтанатты жиында сала озаттары мен түрлі номинация иегерлері марапатталды. Жетістіктерімен көзге түскен өз ісінің нағыз шеберлері, меценаттар, қоғам белсенділері құрмет төрінен көрінді.

Шара қорытындысында жергілікті өнерпаздар ән-жырдан шашу шашып, кеш қонақтарына мерекелік көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

«СБ» ақпарат



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

2023 ЖЫЛ: ПРЕЗИДЕНТ САПАРЫ. ҮЗДІК ҮШТІК. БАЯНДЫ БАСТАМАЛАР



Тағы бір жыл тарих қойнауына қарай жылыстап, күнтізбені тауысуға айналдық. Өткен 365 күннің қорытындыларын шағы келгенде, ең алдымен, елеулі оқиғалар, баянды бастамалар мен жылнамаға енген жаңалықтар еске түседі. 2023 жылдың соңғы парағын жабатын сәтте өткенге шолу жасадық. Жаңа жыл мерекесінің басты ерекшелігі де осында – яғни, өткенді бір түйіндеп, алдағы күнге жоспар құру. Сондықтан Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени өмірінде болған ең басты жаңалықтарды тізбектеп шықтық.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

4, 5-беттер

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті жерлестер!

Қадірлі сырбойлықтар!

Санаулы сәттерден кейін 2023 жылды артта қалдырып, жаңа жылға қадам басамыз. Жаңа жыл – халықтың зор қуанышымен асыға күтетін мерейлі мерекесі.

Әлемдегі геосаяси ахуалдың күрделі болғанына қарамастан, 2023 жыл мемлекетіміз үшін жақсы, нәтижелі болды. Еліміз соңғы жылдары саяси реформалар арқылы түбегейлі жаңғыру жолына қадам басты. Конституциялық өзгерістерге сәйкес Президент сайлауынан кейін Сенат, Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы өтті. Маңызды зор саяси шараларда жерлестеріміз бірлік пен тату тірліктің үлгісін көрсетіп, алдыңғы қатардан көріндік. Алғаш рет өткізілген аудан әкімдерінің сайлауында Шиели мен Сырдарияның халқы таңдауларын жасап, мемлекетті басқару ісіне үлестерін қосты.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы аймаққа жұмыс сапарымен келіп, өңірдің дамуына оң бағасын берді. Облыс үшін маңызды мәселелерге қатысты тарихи шешімдер қабылдады.

Экономиканың барлық негізгі көрсеткіштерінде өсім бар. Өңірлер арасында тамыз айынан бері үздіктер қатарынан көрінудеміз. Алғашқы үштіктеміз. Аймақ бюджеті 609 млрд теңгеге жетті. Облыстың даму бюджеті 2,5 есеге артты. Экономиканың барлық саласында 45 мыңға жуық азамат жұмыспен қамтылды. Жастар арасындағы және жалпы жұмыссыздық көрсеткіші төмендеді. Облыстағы жақсы жағдайдағы жолдың үлесі 87,5 пайызға жетті. Сырбойлықтардың 98,1 пайызы орталықтандырылған ауызсумен қамтылды. Өңірде газбен қамту көрсеткіші 75 пайызды құрады. Аймақта 2500-ден астам пәтер табысталып, 11 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілді.

Облыс бюджетінің 61 пайызы әлеуметтік салаға бағытталды. 1000-ға жуық оқушы жаңа ғимаратта білім алуға. 30 жаңа үлгідегі автобус алынып, шалғайдан қатынайтын 4 мыңнан астам баланың мәселесі шешілді. 25 мыңнан астам тұрғынға қызмет көрсететін 15 дәрігерлік амбулатория ашылды. Ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрді насихаттауға арналған «Анаға тағзым», «Отбасы орталықтары» қызметін бастады.

Туған жер алдындағы азаматтық парызын адал атқарып, ерен еңбектің үлгісін көрсетіп жүрген елжанды азаматтарымыз мемлекет тарапынан лайықты бағасын алуға. Аймақтағы барша еңбек адамдары мен Сыр еліндегі жасампаз істер бағаланып, жерлесіміз Шағыртаев Имамзада Қуанышбайұлы ең жоғары мемлекеттік награда – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын алса, өзге де кәсіпкер азаматтар түрлі мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Ардақты ағайын!
Өткер жылға өкпе жоқ. Келер жылдан үміт көп. Алдымызда айқын міндет, анық жоспарымыз бар. Халықтың игілігі, сырбойлықтардың жайлы тұрмыс-тіршілігі үшін ауқымды жобаларды өздеріңізбен бірге жасаймыз.

2024 жыл – шығыс дәстүрінде тыныштық пен ырыс-құттың белгісі саналатын – Ұлу жылы. Жаңа жылдан халқымыз – ынтымақ пен бірлік күтеді.

Жаңа жыл еліміз бен аймағымыз үшін қарымы қарышты, толайым табысты болғай! Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін!

Жаңа жыл құтты болсын!

Құрметпен,
облыс әкімі Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ

САПАР

«ҚАРМАҚШЫ ҚҰС» ФАБРИКАСЫ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қармақшы құс» ЖШС құс фабрикасының ашылу салтанатына қатысты. Аймақ басшысы қармақшылықтарды жаңа өндіріс орнының ашылуымен құттықтады.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа арнаған Жолдауында «Елімізде сапалы ет, сүт, астық өнімдерін терең өңдеуді дамытуға бағытталған жобаларға басымдық берген абзал. Құс фабрикаларын, көкөніс қоймаларын,

ет өнімдерін шығаратын кәсіпорындар ашу арқылы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет» деген болатын. Облыста құс етіне қажеттілік – жылына 14,1 мың тонна. Оның барлығы сырттан келетін. Енді өзімізде өндіріледі.

2-бет

«АҚЖАРДАҒЫ» ЖАҢА АМБУЛАТОРИЯ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қармақшы ауданында 2 дәрігерлік амбулаторияның ашылу рәсімі өтті.

Алдымен «Ақжар» ауылындағы жаңа нысан ашылды.

Аймақ басшысы тұрғындарды Жаңа жыл мерекесімен және жаңа нысанның пайдалануға берілуімен құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында елді мекендерде 27 нысан салынуға. Бүгінде 15-нің құрылысы аяқталып, қызметін бастады. Бұған дейін Сырдария, Жалағаш, Шиели, Жаңақорған аудандарында 7 және күні кеше Арал, Қазалы аудандарында 5 дәрігерлік амбулатория ел игілігіне табысталды.

2-бет



СЫР СПОРТЫНЫҢ СЕРПІНІ

Биыл Сыр спорты үшін жемісті жыл болды. Саңлақтарымыз біраз белесті бағындырды. Дүбірлі додалардағы жетістігімен ел абыройын асқақтатты. Осы орайда, 2023 жылғы айтулы сәттерге шолу жасағанды жөн көрдік.

Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»



СПОРТ САЛАСЫНДАҒЫ ҮЗДІК НОМИНАЦИЯСЫ 2023 25 желтоқсан

ҮЗДІК ПЕДАГОГ

АУЫЛ ҰСТАЗЫНЫҢ ӘЛЕМДІК ЖЕТІСТІГІ

Ғылым-білімге ыждағат танытып, қолда бардан құнды дүние шығару – құр кетпейтін іс. Әсіресе, білімді насихаттап, жасқа жол көрсету құндылықтың төресі десе де болатындай.

Ақтілек БІТІМБАЙ, «Сыр бойы»



Серік Ұзақбайұлы – ғылыми ортада сыйлы азамат. Ерлігі сол, білімге құштар жасты ұшпаққа шығарамын деген ниетпен арнайы платформа әзірлеген.

Ұстаздың айтуынша, аталған жоба есте сақтау қабілетін жақсартуға, елдер туралы деректі дер кезінде табуға жәрдемдеспек.

Бұл ауыл мұғалімінің жалғыз жетістігі емес. Бұған дейін әлемнің бірнеше университетінде география ғылымының қайнаған ортасында болды.

Кейінгі бұйына білім үйрету жанкештілік пен табандылық қажет етеді. Бұл ұстаным Серік Ұзақбайұлына отбасы, өскен ортадан дарыған қасиет болса керек.

Иә, ұстаз үшін білім жолындағы ұйқысыз түн мен мазасыз шақ зияткер оқушының нәтижесі арқылы өтелері белгілі. Берген білім жетер жеріне жетіп, баланың танымына сүрлеу салса, шөкірт шамшырағының шаттықты сәті сол болмақ.

Бақұл бол, әріптес!


Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика» білім беру бағдарламасының ардагері, филология ғылымдарының кандидаты, профессор Рахия Есиназарова дүниеден өтті.



Рахия Мансурқызы 1958 жылы Қызылорда облысы, Теренөзек ауданы, С.Сейфуллин ауылында дүниеге келген. 1975-1979 жылдары Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтын «Қазақ тілі және әдебиеті» пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы

Бақ пен бап



Мемлекет басшысы «Ұлт денсаулығын бекемдеу мәселесі өте өзекті. Барлық жас санаты арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттай беру керек.

және Азия чемпионаттарында 245 медаль (94 алтын, 71 күміс, 80 қола) алды. Қытайдың Ханжоу қаласында өткен XIX Жазғы Азия ойындарында 6 спортшы, IV Жазғы Пара Азия ойындарында 3 спортшы сәтті өнер көрсетіп, жүлдемен оралды.

Мемлекет басшысы «Ұлт денсаулығын бекемдеу мәселесі өте өзекті. Барлық жас санаты арасында бұқаралық спорт түрлерін насихаттай беру керек.

Нақтырақ айтсақ, аудандарда 2,6 млрд теңгеге 11 денешынықтыру кешені салынууда. Бүгінде оның 8-і тапсырылды, қалғаны жақын күндері пайдалануға беріледі.

Халықты одан әрі ынталандыру үшін талапқа сай келетін спорт нысандарының қолжетімді болуы маңызды. Сондықтан алдағы жылы облыс орталығында 7 мың орынға арналған Орталық стадион және жабық бассейні бар кәсіпкерлер денешынықтыру-сауықтыру кешені салынақ.

Соның бір мысалы Түркия елінде орын алды. Жұырда Серік Ұзақбайұлы Анталия қаласына табан тіреп, Ақдениз университеті өкілдері мен әлемнің әр бұрышынан жиналған ғалымдарға баяндама оқыды.

Самалбек ӨМІРБАЕВ, Сырдария аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы

құрамасының сапына барлығы 7 спортшы енген. Солардың үшеуі қызылордалық болса, үшеуі де жүлделі орын иеленді. Ал бокстан аса ауыр салмақта өнер көрсеткен Қамшыбек Қоңқабаев жартылай финалда ұлдістандық Нарендрді 5:0 есебімен ұтып, 2024 жылы Франция астанасы Парижде өтетін Олимпиада жолдамасын жеңіп алды.

Бұдан бөлек, Дубайда пара-пауэрлифтингтен Әлем чемпионаты өтіп, жасөспірімдер, жастар, ерлер мен әйелдер арасындағы жарыста 80 мемлекеттен 500-ден аса спортшы бақ сынаған болатын.

Бүгінгі таңда, бұл ойындарда дзюдо спортшының өкілдері жаралды. Сыр елінің дүбірлі додалары алғашқы жүлдені Мағжан Шамшадин алды.

Шыны керек, биылғы Азия ойындарында дзюдо спортшының өкілдері жаралды. Сыр елінің дүбірлі додалары алғашқы жүлдені Мағжан Шамшадин алды.

Қызылша мен қызамық ауруынан сақтанудың ең тиімді жолы және негізгі қорғану тәсілі-балаларға қызылша, қызамық ауруларына қарсы екпе салдыру.

Қызылшамен ауырған бала үйде міндетті түрде дәрігердің бақылауымен емделеді. Егер баланың жағдайы нашарласа, онда ол аурухананың оқшауланған бөлмесіне орналастырылады.

МАМАН КЕҢЕСІ

Вакциналау аурудың алдын алады

Қызылша – жедел дамидан жұқпалы ауру. Қоздырғышы ауру адамнан сау адамға ауа арқылы жұғады. Ауру кең өріс алған кезде қызылшаға қарсы егілмеген және иммунитеті әлсіреген адамдардың 90 пайызы ауырады.



Аурудың өршіген кезеңінде дене қызуы жоғары деңгейге дейін көтеріліп, денеде бір-бірімен қосылған анық қызыл бөртпелер пайда болады.

Аурудың өршіген кезеңінде дене қызуы жоғары деңгейге дейін көтеріліп, денеде бір-бірімен қосылған анық қызыл бөртпелер пайда болады.

